

**Жол – көлік колледжі**  
**Қамқоршылық кеңесінің кезекті мәжілісі**

**Хаттама № 2**

25.05.2021ж.

Шымкент қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажибекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директоры Г.Ү.Искакова

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - NEET санатындағы жастарды және мектеп бітіруші түлектерді колледжге тарту мәселесі

*Жауапты: Колледж директоры Г.Ү.Искакова*

2. "Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы аясында студенттерді қалашық колледжішілік іс-шараларға қатыстыру мәселесі

*Жауапты: Қамқоршылық кеңестің мүшесі Ж.Қамбар*

3. Колледж бен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын қалыптастыру мақсатында оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жиналыстармен бөлісу мақсатында «Ашық іс-шаралар» өткізуді ұйымдастыру мәселесі

*Жауаптылар: Қамқоршылық кеңестің мүшесі, ата-ана М.Дабайлова*

4. Әр түрлі мәселелер.

**1. Тыңдалды:**

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің мәжілісін ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының тарапынан қатысын отырған колледж басшысына сөз берді.

**2. Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша колледж директоры Г.Ү.Искакова колледждің жұмыс жоспарына сәйкес, атқарылған жұмыстардың орындалу барысына тоқтала келе, 2021-2022 оқу жылына мектеп бітіруші талапкерлерді және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын іске асыру мақсатында жұмысшы кадрларды және орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз етуге, аз қамтылған, көп балалы отбасылардың балалары және ауыл жастары - NEET санатындағы жастарды колледж қабырғасына тарту мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Жалпы кәсіптік бағдар беру — қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыруға және болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесуде, мақсатты атқарылатын жұмыс екенін, кәсіптік бағдар беру жұмысы жас ұрпақтың саналы түрде болашақ мамандығын қателеспей таңдауға мүмкіндік беретінін, бұған мектеп әкімшілігі тікелей ықпал етіп, тәрбие жұмысын ұйымдастырушылар, сынып жетекшілерімен қатар ата-аналар да қатысуы керектігін, көптеген ата-аналар өз балаларының болашақ мамандығын таңдауды баласының білімін, қызығушылығын немесе таңдаған мамандығының еңбек нарығындағы сұранысын ескермей бағыт беретінін, сондықтан да мектептің ата-аналармен жұмыс жоспарында кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша әр түрлі шаралар орын алуы қажеттігін, ата-аналар жиналыстарында түрлі тренингтер, әлеуметтік сауалнамалар, әңгімелер, ұйымдастыру арқылы ата-аналардың балаларына кәсіби бағыт беру туралы көзқарасына, ұстанымдарына әсер етуге

болатынын айта келе, осы бағытта колледжде жүргізіліп жатқан жұмыстар бойынша мәліметтер беріп өтті. 19.05.2021ж. және 26.05.2021ж. күндері «ZOOM» бағдарламасы арқылы онлайн форматта Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты жалпы білім беретін орта мектеп түлектері және олардың ата-аналарымен Ашық есік күндері ұйымдастырылғанын, аталмыш іс-шараға №23,50,80,47,85,135,89,62,65,45,17,40,112,19,28 -ші ЖОМ-тер мен №1 лицей-интернат оқушылары қатысқанын, ашық есік күнінде презентация арқылы колледжде оқытылатын мамандықтар бойынша түрлі қызмет түрлерін жүргізе алу құзіреттіліктері, колледж студенттерінің жетістіктері, оқу орнын бітіргеннен кейінгі мүмкіндіктер және жаңа оқу жылына қабылдау ережелері, сонымен қатар білім ордасының материалдық-техникалық базасы таныстырылғанын айтты.

**2.Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңес мүшесі Ж.Камбар бірінші мәселе, яғни кәсіби бағдар беру мәселесі бойынша білім беру ұйымының басшысы Гүлзат Үкібайқызының берген мәліметтерінен колледжде атқарылған жұмыстардың өте ауқымды екенін, кәсіби бағдар беру арқылы колледж қабырғасына талапкерлерді тарта отырып, әрі осындай білікті мамандар даярлап жатқан беделді оқу орнын кең көлемде таныстыруға болатынын айта келе, бүгінгі кеңес отырысының күн тәртібіндегі екінші мәселе - "Құндылықтарға негізделген білім беру" жобасы аясында колледжде тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстарды айтып өтті. «Шымкент – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің жетекшісі ретінде бірнеше жылдан бері колледжбен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап, өткізіліп жатқан іс-шаралар мен кездесу кештеріне қатысып отыратынын, Жол-көлік колледжі Шымкент өңірі ғана емес, республика деңгейінде танылған елу жылдық тарихы бар білім ордасы екенін, колледжде барлық жұмыстар жоғары дәрежеде аса үлкен жауапкершілікпен атқарылатынын, фейсбук т.б. әлеуметтік желілерде оқу-тәрбие процесі бойынша және жалпы атқарылған жұмыстар үздіксіз жарияланып отыратынын, оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарында көрсетілгендей, әрбір даталы күндер, мерекелер және ашық ішталықтар, әлеуметтік серіктестермен кездесу кештері, семинарлар, конференциялар және т.б. іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп, атта сайын оқу топтарына тәрбие сағаттары және қалалық білім бөлімі ұйымдастыратын "Тарихи тұлғалар тағылымы" атты кештерге, челленджер, спорттық сайыстарға қатысып, колледж студенттері үнемі жүдделі орындардан көрініп отыратынын айтып өтті. Сонымен қатар өзінің қатысуымен 05.05.2021ж.күні колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында студент жастармен кездесу өткенін, «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында колледж оқытушылары ай сайын «Оқырман клубы» отырысын өткізетінін, онда колледж оқытушылары оқыған көркем шығарманы талқылап, өз ойларымен бөлісіп отыратынын, сондай-ақ колледж студенттері осы жоба аясында танымал, белгілі ақын-жазушылардың шығармалары негізінде буктрейлер түсіріп, үздік буктрейлерлер фейсбук желісіне үздіксіз жарияланып жатқанына тоқтала келе, жалпы тәрбие бағытында үздіксіз жұмыстардың атқарылып жатқанын айтты. Жалпы Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ішінде Жол-көлік колледжі шәкірттерінің жеңісті жетістіктерімен, оқытушылардың белсенді еңбектерімен алдыңғы қатардан көрініп келе жатқан оқу орны екенін, осындай жетістікке жету – ұстаздардың еселі еңбегі мен колледж директоры Гүлзат Үкібайқызының үлкен жауапкершілігі мен талапшылығының және жоғары деңгейде ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында екендігін, сондай-ақ оқу-тәрбие бағытында үздіксіз атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі екенін айта келе, колледж ұжымы алдағы уақытта да үлкен биіктерден көрінетініне сенім білдірді.

**3.Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Дабылова күн тәртібіндегі үшінші мәселе - колледж бен ата-аналардың өзара іс-қимылының жаңа форматын қалыптастыру мақсатында оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру және жаңартылған білім мазмұнындағы жаңалықтармен бөлісу мақсатында «Ашық іс-шаралар» өткізуді ұйымдастыру мәселесі бойынша айтып өтті. Жалпы колледжде оқу-тәрбие процесі жоғары деңгейде жүргізілетінін, барлық іс-шаралар арнайы жоспарға сәйкес уақтылы өткізіліп отыратынын, соның бір дәлелі ретінде оқу жылында екі мәрте I және II семестрде ата-аналар жиналысы өтті, барлық

атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп, ата-аналарды хабарлар етіп отыратынын, апта сайын түрлі тақырыпта тәрбие сағаттары өткізілетінін, бұндай тәрбие сағаттарының студенттерге берері көп екенін, сонымен қатар білім алушылардың ата-аналарымен бірлесіп бірнеше іс-шаралардың өткізілгенін, мысалы:

- 17.03.2021ж. күні «Отбасы тәрбиесінің кітап оқуға әсері» тақырыбындағы семинар-тренинг ата-аналарға жақсы әсер қалдырғанын, өйткені баланы көркем әдебиет оқуға баулудың өзі үлкен тәрбие құралы деп білетінін, 19.04-26.04.2021ж аралығында «Ұлы дала аңыздары» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен дастан, хисса, шежіре барысын негізге ала отырып челлендж, 15.05.2021ж. халықаралық отбасы күні мерекесі аясында «Менің үлгілі отбасым» акциясы аясында ата-аналармен бірлесіп видеоролик түсірілгенін, 17.05.2021ж. күні «Бақытты ата-ана – табысты бала», «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас», «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ықпалы» тақырыптарында ата-аналарға бейнероликтер ұсынылғанын айтып өтті. Осындай тәрбие процесі бойынша онлайн және офлайн форматта жүргізілген үздіксіз жұмыстар білім алушыға да оның ата-анасына да оң әсерін тигізіп, жастардың саналы азамат ретінде қалыптасуына да ықпал ететінін, осы тектес атқарылған жұмыстарды ескере отырып, колледж ұжымына, ұстаздарға өз алғысын білдіріп, шығармашылық өрлеу тіледі.









#### 4.Тыңдалды:


Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.

#### Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Колледжде кәсіби бағдар беру жұмыстары үздіксіз жалғастырылсын. *Жауапкершілік колледж басшысы Г.У.Искаконога жүктелсін.*
3. Қамқоршылық кеңестің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Арғынғазиев Бауыржан Бауырғазыұлы 
2. Қамбар Жани 
3. Съездұлы Сәкен 
4. Даурбаев Асылбек Абдрахманович 
5. Қабылбекова Сандугаш Жакыпбековна 
6. Бүркіт Әуезхан Кантөреұлы 
7. Асанов Ерік Көбеевич 
8. Дабылова Марал Алдабергенқызы 

Мәжіліс төрағасы 

Х.А.Сарсенов

Хатшы: 

Г.С.Тажибекова